

## Уран өнімін әкетуге рұқсат беру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 маусымдағы N 927 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.**

"Қару-жарапқа, әскери техникаға және екіудай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялаудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ) "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ, "Үлбі металлургиялық зауыты" ашық акционерлік қоғамы мен Ньюком, Инк. және Ньюком Ньюклеа ГмБХ компаниялары арасында Вестингхаус үшін қайта өндөлген уран өнімін сатып алу-сатуға 1998 жылғы 17 маусымдағы келісім-шарттағы мөлшерде және ережелеріне сәйкес уран диоксидінің ұнтағы мен таблеткасы түрінде қайта өндөлген, 235-уран изотопы бойынша 4,5 пайыздан асырмай байытылған уран өнімін (СЭҚ ТН кодтары 2844 20 290 және 2844 10 390) Қазақстан Республикасынан Америка Құрама Штаттарына әкетуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігі "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ-на көрсетілген өнімнің экспортына заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиялар берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрія және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен ядролық материалдардың әкетілуін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК